

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		42/11
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		7 беттің 1 беті

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: «Қалыпты тірек қимыл аппараты және тері»

Пән коды: КТКАТ 2211


БББ атауы: 6В10117- «Стоматология»

Оқу сағаттарының / кредиттердің көлемі: 150 сағат/5 кредит

Оқытылатын курс пен семестр: 2 - курс, 3-семестр


Білім алушылардың өзіндік жұмысы: 40 сағат (6/34)

Шымкент, 2024 жыл

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11 7 бетгің 2 беті
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар	

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар
«Қалыпты тірек қимыл аппараты және тері» жұмыс оқу бағдарламасына
сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 10 «28» 05 2024ж.

Кафедра меңгерушісі, профессор м.а.  Танабаев Б.Д.

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар	7 беттің 3 беті

Тапсырма №1

1. Тақырып: Стоматологиядағы краниометрия. Негізгі цефалометриялық нүктелер.

2. Мақсаты: Бас сүйектің стоматологияда түрлі параметрлермен өлшеу әдістерін зерттеу, оның формасы мен құрылымын зерттеу.

3. Тапсырмалар:

- Негізгі краниометриялық параметрлерді білу: бас сүйегінің максималды ені, бас сүйегінің максималды ұзындығы, бас сүйегінің биіктігі.
- Бас сүйекте маңызды краниометриялық нүктелерді таба білу.
- Бет пропорциялары мен симметриясын бағалай білу.
- Бас сүйекте цефалометрияда қолданылатын негізгі анатомиялық нүктелерді таба білу.
- Бас сүйегінің анатомиялық ерекшеліктері бойынша адамның жасын талдай білу.

4. Орындау/бағалау түрі:

- презентация/ бағалау парағы
- анатомиялық препаратты сипаттау/ бағалау парағы
- рентген суретін сипаттау/ бағалау парағы

Бағалау түрі силлабуста көрсетілген.

5. БӨЖ орындау критерийлері:

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек. Тапсырманы орындау барысында:

- тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- білім алушының тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет ресурстарды пайдалану қажет;
- тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 3 – апта.

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтары, тест, есептер):

- Бас сүйектің өлшемі мен пішінін анықтау үшін қандай негізгі краниометриялық нүктелер пайдаланылады?
- Бас сүйегінің қандай ерекшеліктері ерлер мен әйелдерге тән және краниометрия оларды қалай ажыратуға көмектеседі?
- «СНА бұрышы» (SNA) дегеніміз не және ол краниометрияда қалай қолданылады?
- Бас сүйек типтерін жіктеу үшін қандай негізгі краниометриялық индекстер пайдаланылады?
- Бұрыштар мен қашықтықты өлшеу үшін цефалометрияда қандай негізгі анатомиялық нүктелер пайдаланылады?
- Цефалометрия бет симметриясын анықтауға қалай көмектеседі?
- Цефалометрия балалар мен жасөспірімдердің жақтарының өсуі мен дамуын бағалау үшін қалай қолданылады?

Тапсырма №2

1. Тақырып: Тері және оның туындылары.

2. Мақсаты: Терінің анатомиялық құрылымын, ауыз қуысы қабықтарының анатомиясын, терінің және оның туындыларының функцияларын зерделеу.

3. Тапсырмалар:

- Теріге және оның туындыларына сипаттама беру.
- Ауыз қуысы қабықтарының анатомиялық құрылымын айту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11	7 беттің 4 беті
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		

3. Терінің негізгі функцияларын атап өтіңіз және терінің әрбір қабатының өз функцияларын қалай атқаратынын түсіндіріңіз.

4. Терінің жасына байланысты қандай өзгерістер болатынын түсіндіріңіз?

4. Орындау/бағалау түрі:

- презентация/ бағалау парағы
- анатомиялық препаратты сипаттау/ бағалау парағы
- рентген суретін сипаттау/ бағалау парағы

Бағалау түрі силлабуста көрсетілген.

5. БӨЖ орындау критерийлері:

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек. Тапсырманы орындау барысында:

- тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- білім алушының тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет ресурстарды пайдалану қажет;
- тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 3 – апта.

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтары, тест, есептер):

1. Терінің қабаттарын атаңыз. Терінің суретін шығаратын қандай құрылымдар (қырқашықтар және жүлгешелер).
2. Терінің қосалқысын атаңыз. Шаш және тырнақ бөліктерін атаңыз: тері бездері. Тері бездерінің (қандай орындарға) өзектері ашылады?
3. Сүт қойнаулары дегеніміз не және сүт бездерінің бөліктерінің қатынасына қарай олар қайда орналасады?

Тапсырма №3

1.Тақырыбы: Аралық бақылау –II

2. Мақсаты: Өтілген дәріс, тәжірибелік сабақ, БОӨЖ және БӨЖ тақырыптарын нақтылау.

3. Тапсырмалар: Өтілген тақырыптар бойынша негізгі сұрақтар

4. Орындау/бағалау түрі: Өтілген тақырыптар бойынша жазбаша түрде ситуациялық есептер мен сұрақтарға жауап жазу.

Бағалау әдістері силлабуста көрсетілген

5. БӨЖ орындау критерилері: Тапсырманы орындау барысында:

- Тақырыптарды өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 14-апта

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8.Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

Ситуациялық есептер:

1. Науқас травматология бөліміне шынтақ буынының қозғалуындағы ауру сезіміне шағымданып келді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11	
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар	7 беттің 5 беті	

Сұрақтар:

Анатомия: шынтак буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Гистология: тығыз талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз

Физиология: қозғыштықтың өлшемдері

2. Науқас білезік буынының қозғалуы кезіндегі ауру сезіміне шағымданып дәрігерге қаралды.

Сұрақтар:

Анатомия: білезік буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Гистология: қаңқалық бұлшықет талшықтарын сипаттаңыз

физиология: оптимум және пессимум жиілік, тітіркендіргіш күші

3. Жол апаты салдарынан науқастың жамбас буыны зақымданған.

Сұрақтар:

Анатомия: жамбас буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Гистология: Гиалинді шеміршекті сипаттаңыз.

Физиология: бұлшықеттердің атрофиясы және гипертрофиясы

4. Науқас травматологиялық пунктке тізе буынының қозғалуындағы ауру сезіміне шағымданып келді.

Сұрақтар:

Анатомия: тізе буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: парабиоз, парабиоз сатылары

Гистология: Эластинді шеміршекті сипаттаңыз.

5. Науқасты қарау кезінде тобық буынында ауырсыну және қозғалыс шектелуі анықталды.

Сұрақтар:

Анатомия: сирақ-асық буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: бұлшықеттердің физиологиялық қасиеттері

Гистология: көлденең жолақты қанқа бұлшықет тінді сипаттаңыз

6. Науқас емханаға шайнау кезіндегі ауру сезіміне шағымданып түсті.

Сұрақтар:

Анатомия: шықшыт буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: бұлшықеттің жұмысы және жиырылу күші

Гистология: «саусақ терісі» гистологиялық препаратын сипаттаңыз

7. Науқаста мойынның алдыңғы аймағының жарақатын қарау кезінде, ұйқы үшбұрышының аймағы зардап шеккені атап өтілді.

Сұрақтар:

Анатомия: мойын үшбұрышының құрылысын сипаттаңыз.

Гистология: «Шашты тері» гистологиялық препаратын сипаттаңыз

Физиология: бұлшықеттердің жиырылу және босансу механизмі

8. Науқас ауызды ашқанда және шайнағанда самай аймағындағы ауру сезіміне шағымданады.

Сұрақтар:

Анатомия: шайнау бұлшықеттері мен олардың қызметтерін сипаттаңыз.

Гистология: “тіл кесіндісі” гистопрепаратын сипаттаңыз

Физиология: бұлшықеттің қажуы, әлсіреу, улану, тұншығу теориялары

9. Науқаста беткейлік арқа бұлшықеттері тартылған.

Сұрақтар:

Анатомия: беткей арқа бұлшықеттері мен олардың қызметтерін сипаттаңыз.

Физиология: бірыңғай салалы бұлшықеттердің қасиеттері

Гистология: Саркомерді сипаттаңыз

10. Қабырғалар сынғанда және олардың сынықтары ығысқанда сыртқы және ішкі қабырға аралық бұлшықеттер зақымдалған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар	7 беттің 6 беті

Сұрақтар:

Анатомия: кеуде бұлшықеттерін және олардың қызметтерін сипаттаңыз

Гистология: дәнекер ұлпа жасушаларын сипаттаңыз

Физиология: бұлшықеттердің жиырылу түрлері

11. Науқасқа шап жарығы диагнозы қойылды.

Сұрақтар:

Анатомия: шап өзегінің қабырғаларын, және оның құрамын сипаттаңыз.

Физиология: терінің рецепторлары

Гистология: борпылдақ талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз.


12. Науқаста беткейлік арқа бұлшықеттерінің созылуы бар.

Сұрақтар:

Анатомия: арқаның беткей тобының бұлшықеттерін сипаттаңыз.

Гистология: Тығыз талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз.

Физиология: бұлшықеттердің жеке және сіресіп жиырылуы. Жеке жиырылудың кезеңдері

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Морфофизиология кафедрасы</p>		<p>42/11</p>
<p>Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар</p>		<p>7 бетгің 7 беті</p>